



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (113)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН
Бүркітбай Гелманұлы

– ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан

– PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара

– PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ
Өткірбай Мылтықбайұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ
Қуаныш Алдабергенұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҒҰЛЫ
Берік

– кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯҒАН
Буркитбай Гелманулы

– Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНҒАРУЛЫ Акан

– кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА
Жанат Хамидовна

– доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен

– PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине

– PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил

– PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан

– PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван

– PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдукап

– PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ
Владимир Николаевич

– кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ
Уткирбай Мылтыкбайулы

– PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ
Руслан Сабырулы

– PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ
Куаныш Алдабергенович

– PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Музей кеңістігіндегі тас мүсіндер: ғылыми зерттеу және экспозициялау мәселелері	
<i>Әбдіғалиұлы Б., Кадримбетова Н.</i> Каменные изваяния в музейном пространстве: вопросы научного изучения и экспонирования	
<i>Abdighaliuly B., Kadrimbetova N.</i> Stone statues in museum spaces: issues of scholarly research and exhibition...	8
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Визуальные стратегии Национального музея Республики Казахстан в контексте формирования национальной идентичности	
<i>Каженова Г.Т., Акжасарова А.К.</i> Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру контексіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің визуалды стратегиялары	
<i>Kazhenova G.T., Akzhasarova A.K.</i> Visual strategies of the National museum of the Republic of Kazakhstan in the context of the formation of national identity.....	24
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Reconstruction and museumification of the remains of the Golden Man: contemporary methods of research and digitalization	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Алтын адамның қанқа сүйегін жаңғырту және музейлендіру мәселелері: заманауи әдістері мен цифрландыру	
<i>Тынайқұлова М., Мұхтарова Г., Кадримбетова Н.</i> Реконструкция и музеефикация останков золотого человека: современные методы исследования и цифровизация.....	37
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова Қ.Б., Кистаубаева А.Қ.</i> Қазақ кесеқабы: көшпелі тұрмыстың музейлік бейнесі	
<i>Асылбекова Н.О., Баудиярова К.Б., Кистаубаева А.К.</i> Казахский кесеқап: музейное отражение кочевой бытовой культуры	
<i>Asylbekova N.O., Baudiyarova K.B., Kistaubayeva A.K.</i> Kazakh keseqap: the museum image of nomadic lifestyle.....	51

Археология / Archaeology / Археология

<i>Таймагамбетов Ж.К., Алипова С.Б.</i> О некоторых методах естественно-научных дисциплин применяемых в исследовании палеолита Казахстана	
<i>Таймагамбетов Ж.Қ., Алипова С.Б.</i> Қазақстан палеолитін зерттеуде қолданылатын жаратылыстану-ғылыми пәндердің кейбір әдістері туралы	
<i>Taimagambetov Zh., Alipova S.</i> On some methods of natural science disciplines applied in the study of the paleolithic of Kazakhstan.....	62
<i>Талеев Д.А.</i> Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы	
<i>Талеев Д.А.</i> Типология городов и поселений Келесского региона	
<i>Taleev D.A.</i> Typology of cities and settlements of the Keles Region.....	75
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Средневековый форпост Жезды на северных чинках Устьурта: предварительные итоги исследования	
<i>Бисембаев А., Калдыбаева Г., Ахатов Г.</i> Үстірттің солтүстік жартастарындағы ортағасырлық Жезді бекеті: зерттеудің алдын ала нәтижелері	
<i>Bisembayev A., Kaldybayeva G., Akhatov G.</i> Medieval outpost Zhezdy on the northern escarpments of Ustyurt plateau: preliminary results of the study.....	89
<i>Иманғалиева М., Акымбек Е.</i> Природный фактор в выборе трасс караванных путей средневековья в Талас-Асинском бассейне	

- Иманғалиева М., Ақымбек Е.** Талас-Аса алабындағы ортағасырлық керуен жолдарының бағыттарын таңдаудағы табиғи фактор
Imangaliyeva M., Akymbek Ye. Natural factor in the selection of medieval caravan routes in the Talas-Asa basin..... 99
- Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай Ә.** Қаратау жартаc суреттерінің ішкі семантикалық сипатын саралау
Мурғабиев С., Бахтыбаев М., Малдыбекова Л., Серікбай А. Анализ внутренней семантики наскальных рисунков Каратау
Murgabaev S., Bakhtybaev M., Maldybekova L., Serikbay A. Analysis of the Semantic Properties of the Karatau Rock Pictures..... 112
- Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У.** Археозоологическая характеристика хозяйственного уклада казахской зимовки Тажегүл-2 XVIII–XIX вв.
Шағирбаев М.С., Ганиева А.С., Сәкенов С.Қ., Идришева Б.У. XVIII–XIX ғғ. Тәжіғүл-2 қазақ қыстауының шаруашылық құрылымының археозоологиялық сипаттамасы
Shagirbayev M.S., Ganiyeva A.S., Sakenov S.K., Idrisheva B.U. Archaeozoological characterization of the economic structure of the kazakh wintering site Tazhegul-2 of the 18th–19th centuries..... 125
- Бекзатқызы И.** Цифровые 3D-модели керамики как источник морфометрических данных (на материалах Костанайского областного историко-краеведческого музея)
Бекзатқызы И. Керамиканың цифрлық 3D-модельдері морфометриялық деректер көзі ретінде (Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің материалдары негізінде)
Bekzatkyzy I. Digital 3D models of ceramics as a source of morphometric data (based on the materials of the Kostanay regional museum of history and local lore)..... 148
- Этнология / Ethnology / Этнология**
- Somfai Kara D.** Kipchak-Turkic (Kuman) speaking peoples and Hungarian prehistory
Шомфай Кара Д. Қыпшақ-түркі (құман) халықтары және мажарлардың арғы тарихы
Шомфай Кара Д. Кыпчакско-тюркские (куманские) народы и предыстория венгров..... 162
- Әшбекова Г.У., Үмітқалиев Ұ.У., Саутбекова А.Г.** Қазақ халқының зергерлік бұйымдарындағы космологиялық символдар мен сакралдық түсініктер (Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі материалдары негізінде)
Әшбекова Г.У., Умитқалиев У.У., Саутбекова А.Г. Космологические символы и сакральные представления в ювелирных изделиях казахского народа (на основе материалов Национального музея Республики Казахстан)
Eshbekova G.U., Umitkaliyev U.U., Sautbekova A.G. Cosmological symbols and sacred concepts in the jewelry of the Kazakh people (based on the materials of the National Museum of the Republic of Kazakhstan)... 168
- Ермекбаева М.А.** Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қасқыр бейнесінің этномәдени семантикасы
Ермекбаева М.А. Этнокультурная семантика образа волка в казахских пословицах и поговорках
Yermekbayeva M.A. Ethnocultural semantics of the wolf image in Kazakh proverbs and sayings..... 179
- Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утенов О.Т.** Түркі халықтарының дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымы: мифологиялық негіздері мен мінәжат тәжірибелері
Жумадилова К.А., Әкиджи М., Утенов О.Т. Концепт «Жер-Су» в традиционном мировоззрении тюркских народов: мифологические основы и ритуальные практики
Zhumadilova K.A., Ekici M., Utenov O.T. The concept of «Yer-Sub» in the traditional worldview of Turkic peoples: mythological foundations and ritual practices..... 191

Тарих / History / История

- Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н.* 1920–1930 жылдары Қызылорда қаласында арнаулы орта және жоғары оқу орындарының құрылуы
Сыдықов Е.Б., Дүйсен С.Ж., Жұманбай Р.Н. Создание средних и высших учебных заведений в городе Кызылорда 1920-1930 годы
Sydykov E.B., Duysen S.Zh., Zhumanbay R.N. Establishment of secondary and higher educational institutions in the city of Kyzylorda 1920-1930 years..... 202
- Baigabatova N. K., Ishkalova G.I.* Labor market adaptation strategies of repatriates in the Zhetysu region
Байғабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Репатрианттардың Жетісу облысының еңбек нарығына бейімделу стратегиялары
Байғабатова Н. К., Ишкалова Г.И. Стратегии адаптации репатриантов к рынку труда области Жетысу... 216
- Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж.* Дәруіштер мұрасының Түркістан қаласының рухани-мәдени келбетін қалыптастырудағы рөлі мен маңызы
Примкулова Г.Ж., Динашева Л.С., Орынбасарова Г.Ж. Значение наследия дервишей в формировании духовного и культурного облика города Туркестан
Primkulova G.Zh., Dinasheva L.S., Orynbasarova G.Zh. The role of dervish heritage in shaping the spiritual and cultural identity of Turkestan..... 225

Шолу / Review / Обзор

- Жунисханов А., Маслов Х.Б., Құрманғалиев А. Ә.Т.* Төлеубаевтың «Раннесакская Шиликтинская культура» монографиясына шолу
Жунисханов А., Маслов Х.Б., Курманғалиев А. Обзор на монографию А.Т. Толеубаева «Раннесакская Шиликтинская культура»
Zhuniskhanov A., Maslov Kh.B., Kurmangaliev A. Review of A.T. Toleubayev's The Early Saka Shilikti Culture..... 238

Талеев Д.А.Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан
e-mail: doc19_59@mail.ru**КЕЛЕС ӨңІРІ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ҚОНЫСТАРЫНЫҢ
ТИПОЛОГИЯСЫ**

Аңдатпа. Мақалада Келес өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстардың типологиялық ерекшеліктері археологиялық материалдар негізінде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – өңірдегі ескерткіштердің құрылымдық сипатын, орналасу ерекшеліктерін және қорғаныс жүйелерін саралау арқылы оларды ғылыми тұрғыдан жүйелеу. Ортағасырлық қалалар мен қоныстарды жіктеу мәселесі археология ғылымында маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты археологиялық әдебиеттерде ескерткіштерді көлеміне, топографиялық орналасуына, құрылыс жүйесіне, мәдени қабаттарының сипатына және қорғаныс құрылыстарының ерекшеліктеріне қарай топтастыру кеңінен қолданылып келеді.

Зерттеу барысында А.Д. Люблинская, В.М. Массон, Э.В. Ртвеладзе, Ю.А. Заднепровский, В.М. Ростовцев, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, А.Н. Бернштам, П.Н. Кожемяко және М. Елеуов сияқты ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Аталған зерттеушілер ортағасырлық қалалар мен қоныстарды олардың көлемдік көрсеткіштері, ішкі құрылымы, орналасқан ортасы және атқарған қызметіне байланысты бірнеше топтарға бөліп қарастырған. Бұл ғылыми тұжырымдар Келес өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді жүйелеуде маңызды әдістемелік құрал бола білді.

Келес өңіріндегі ескерткіштерді талдау кезінде олардың көлемі үш құрамдас бөліктен тұратын құрылымына (цитадель, шахристан, рабад), қорғаныс қабырғалары мен мұнараларының сақталу деңгейіне ерекше назар аударылды. Сонымен бірге Жетісу және Шу-Талас аймақтарында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері салыстырмалы түрде пайдаланылып, ескерткіштерді топографиялық және фортификациялық белгілеріне қарай жіктеу тәжірибесі қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Келес өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстардың өзіндік типологиялық белгілері анықталып, олардың тарихи-мәдени дамуы, орны мен урбанизация үдерісіндегі маңызы айқындалды.

Кілт сөздер: Келес өңірі, типология, қалалар, қоныстар, зерттеу, жіктеу, зерттеушілер, археология.

Дәйексөз үшін: Талеев Д.А. Келес өңірі қалалары мен қоныстарының типологиясы // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). бб. 75-88 (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.06>

Кіріспе

Ортағасырлық қалалар мен қоныстарды типологиялық тұрғыдан зерттеу археология ғылымындағы маңызды бағыттардың бірі. Қалалар мен қоныстардың сыртқы пішіні, көлемі, құрылымдық бөліктері (цитадель, шахристан, рабад) орналасқан жері мен қорғаныс жүйелері олардың әлеуметтік-экономикалық қызметін, тарихи ролін және мәдени дамуын анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады.

Өртүрлі дәуірлерге жататын археология-

лық ескерткіштерді түрге бөліп қарастыру тарихи процестің даму заңдылықтарын терең әрі жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс ғылыми әдебиеттерде кеңінен қолданылып, көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Мәселен, А.Д. Люблинская типологияны тарихи санадағы салыстырмалы әдістің толық әрі нәтижелі көрінісі ретінде бағаласа, В.М. Массон, Э.В. Ртвеладзе, Ю.А. Заднепровский, В.М. Ростовцев, Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, К.А. Ақышев,

К.М. Байпақов, А.Н. Бернштам, П.Н. Кожемяко, М. Елеуов және басқа ғалымдар қалалар мен қоныстарды көлеміне, топографиясына, құрылыс ерекшеліктеріне және фортификациялық жүйелеріне қарай әртүрлі топтарға жіктеген.

Оңтүстік Қазақстан, Шу-Талас және Жетісу аймақтарында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының материалдары Келес өңірінің қалалары мен қоныстарын типологиялық жіктеуге негізгі арқау болды. Өңірдегі ескерткіштерді көрші аймақтармен салыстыра қарастыру олардың тарихи-мәдени дамуының өзіндік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Қалалардың көлемдік межелері, үш бөліктен тұратын құрылымдарының сақталуы, қорғаныс құрылыстарының болуы ортағасырлық қалалық өркениеттің басты белгілері ретінде қарастырылды. Осылайша, типологиялық әдіс археологияда қалалардың тарихи рөлін, олардың аймақтық ерекшеліктерін және мәдени дамуын ғылыми тұрғыдан жүйелеуге мүмкіндік беретін тиімді тәсіл болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде Келес өңірі, Жетісу, Шу және Талас аймақтарында жүргізілген археологиялық экспедициялар мен қазба жұмыстарының материалдары пайдаланылды. Бұл материалдар әртүрлі кезеңдерге жататын қалалар мен қоныстардың қираған орындары, төбелер, төрткүлдер, бекіністер, керуен-сарайлар және ауылдық елді мекендердің қалдықтарын қамтиды.

Келес өңірінің қалалары мен қоныстарын түрге бөлу барысында Е.И. Агеева, Г.И. Пацевич, Әлкей Марғұлан және басқа археологтардың Келес өзені бойында жүргізген зерттеулері негізге алынды. Жетісу өңірі бойынша: К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзаковичтің талдаулары, А.Н. Бернштам, П.Н. Кожемяко, Т.Н. Сенигова және М. Елеуовтің Шу мен Талас өзендері бойындағы қалалар мен қоныстарды түрге бөлу және жүйелеу тәжірибелері басшылыққа алынды. Сонымен қатар жазба деректер мен археологиялық әдебиеттердегі мәліметтер қосымша материал ретінде қарастырылды. Зерттеу барысында археология ғылымында қалыптасқан типологиялық және салыстырмалы әдістер қолданылды. Ескерткіштердің сыртқы пішіні, көлемі, құрылымдық бөліктері (цитадель, шахристан, рабад), қорғаныс құрылыстарының болуы, орналасқан жері және атқарған қызметіне

қарай жіктеу оларды түрге бөлудің негізгі критерийі болды. Ескерткіштердің мерзімделуі археологиялық қабаттар мен стратиграфиялық қазба материалдарына сүйене отырып анықталды. Келес өңірінің қалалары мен қоныстарын жіктеу әрекеті Орта Азия мен Қазақстанның әртүрлі аймақтардағы ескерткіштердің типологиялық ерекшеліктерімен салыстыра отырып, олардың ортақ және аймақтық белгілеріне сүйене отырып жасалды. Қалалардың әлеуметтік-экономикалық қызметін, мәдени дамуын және тарихи рөлін анықтау үшін қазба материалдары кешенді түрде пайдаланылды.

Мақалада археологиялық материалдар мен жазба деректерді кешенді түрде пайдалану арқылы Келес өңірлеріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстардың типологиялық жіктелуі көрсетілді. Әдістемелік тұрғыдан типологиялық, топографиялық, хронологиялық және салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылып, қалалық мәдениеттің даму ерекшеліктері мен аймақтық айырмашылықтары жүйеленді.

Талдау

Типологиялық зерттеулерге шолу

Әртүрлі дәуірге жататын археологиялық ескерткіштерді түрге бөліп зерттеу тарихи процестің дамуын терең де жан-жақты түсінуге ықпал етеді. Әсіресе ортағасырлық қалалар мен қоныстарды олардың сыртқы пішіні, көлемі және құрамына қарай жікке немесе түрге бөліп зерттеу археология саласында бұрыннан қалыптасқан дәстүр болып есептеледі. Осыған қатысты кезінде белгілі шығыстанушы А.Д. Люблинская: «Типология – қандай да бір нақтылықтың бұрын белгілі тұстарымен қатар олардың жаңа маңызды жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін өте жемісті әдіс», – деп жазған болатын. Типологиялық әдіс тарихи санадағы салыстырмалы әдісті оның толық және нәтижелі көрінісін жеткізуді ұстанады (Люблинская, 1968: 9).

Ортағасырлық қалалар мен қоныстарды типологиялық тұрғыдан жіктеу және зерттеу археологияда қалыптасқан тәжірибе болып табылады. Археологиялық әдебиеттерде олардың типологиясын анықтау дәстүрлі түрде топографиялық белгілерге, атап айтқанда пішіні мен өлшемдеріне; жазба деректерден алынған мәліметтерге; хронологиялық деректерге; ескерткіштің географиялық орналасуы мен қоршаған ортамен өзара байланысына;

сондай-ақ сәулет ерекшеліктеріне, құрылыс материалдарының қолданылуына және жоспарлау тәсілдеріне сүйеніп жүргізіледі. Ортағасырлық археологияда тарихи реконструкциялар үшін қалашықтарда сақталған ақпаратты барынша тиімді пайдалану мақсатында арнайы зерттеу әдістері қалыптасты (Байпаков, 2013: 102). Егер ескерткіштің сыртқы пішіні белгілі бір қызмет атқарған құрылысты білдірсе, онда оның ішкі құрылымдары мен табылған материалдары да осы қызметке сәйкес келеді.

Орта Азия мен Қазақстанның қалалары мен қоныстарын бір-бірінен ажырататын территориялық ерекшеліктері туралы зерттеушілердің көзқарасы әртүрлі. Кезінде белгілі археолог В.М. Массон Солтүстік Бактрияның ескерткіштерінің ерекшеліктерін талдай отырып, бұл өңірдің қалалары мен қоныстарының арасындағы көлемдік меже 4-6 га төңірегінде жатыр деген болатын (Массон, 1981: 36). Ал Э.В. Ртвеладзе Бактрия құрамында болған қалаларды көлеміне, үш бөліктен тұратындығына, қорғаныс құрылыстарының бар-жоғына қарай мынадай төрт түрге бөлген: а) өте үлкен көлемдегі, ә) үлкен көлемдегілер 15-тен 30 гектарға дейін, б) орта көлемдегі 6-дан 10 гектарға дейін, в) кіші көлемдегі 1,5- нан 3 гектарға дейінгі қалалар. Сондай-ақ ол қала типтес қоныстарды түрге бөлген кезде көлемі, формасы, үш бөліктен тұратындығы және қорғаныс құрылыстары секілді белгілерді назарға алған (Ртвеладзе, 1973: 24-35). Осыған ұқсас тәсіл Оңтүстік Түрікменияның Сасанидтер дәуіріне жататын отырықшы ескерткіштерді жіктеу кезінде де қолданылды (Губаев, 1978: 263).

Ю.А. Заднепровскийдің пікірінше, қалаларды жіктеу олардың бүкіл территориясы мен цитаделінің көлемдері де маңызды рөл атқарады. Ауылдық елді мекендерде қалыптасқан тәртіп бойынша цитадель қаланың бүкіл территориясының 25%-дан көбін қамтиды. Ол Ферғанадағы көлемі 4 гектардан кем емес ескерткіштерді қалалар қатарына жатқызды (Заднепровский, 1954: 12). В.И. Распопова Соғдалық қалалық құрылысы тәжірибесінде ауылдық жерде цитадельге көп жер бөлінетіндігін анықтаған болатын (Распопова, 1979: 22-26). Ю.Ф. Буряков өзінің «Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса» атты еңбегінде Шаш қаласын дәл осы белгілерге сүйене отырып талдаған (Буряков,

1982: 62). Э.В. Ртвеладзенің үш бөліктен тұратын ескерткіштерді қалалар қатарына жатқызудағы басты белгілердің бірі деген пікірін басқа ғалымдар да қолдайды (Соловьев, 1979: 60-62).

Ю. Якубов Соғдының таулы аудандардағы қазба жүргізілген барлық елді мекендерді төрт түрге бөлген: 1) Мүг тауындағы VII-VIII ғғ. жататын бекініс секілді қалалар (Кеш-Кат). Олардың көлемі 0,2-0,3 гектар аралығында 2) VII - VIII және XI-XII ғғ. жататын Батұртөбе секілді екі қабаттан тұратын ескерткіштер. Олардың көлемі 0,4-0,7 гектарға дейін келеді. 3) Гардани Хисор секілді ескерткіштер. Мұнда жүргізілген зерттеу жұмыстары ескерткіштің екі бөліктен - қамал және елді мекеннен (дехистан) тұратындығын көрсетті. Бұл қамал донжонды елді мекен қатарына жатады. 4) Көлемі 3 гектардан көп болатын қалалар - Наврузшах, Санжаршах, Калай және Хисорак (Якубов, 1988: 37-39: 49, 58).

В.М. Ростовцев Самарканд оазисінің ескерткіштерін 5 түрге бөлген. Бірінші түрге 0,2-0,5 гектар болатын алаңды төбелер. Екінші түрге Кіндік-төбе тәріздес ескерткіштер жатты. Олар көпқабатты және жартылай немесе толық қоршап жатқан елді мекеннен цитадельді бөліп жатады. Үшінші түрге аса үлкен емес, көлемі 0,1-0,2 гектар, биіктігі 3-4 м болатын төбелер жатты. Төртінші түрге биіктігі 2-4 м, көлемі 0,5- 0,8 гектар шамасындағы төбелер жатады. Бесінші түрге жататындар Хорезмнің Яккапарсан секілді ескерткіштеріне ұқсас. Олар қабырғалары тікбұрышты болып келген, көлемі 120×125 м, биіктігі 10-15 м төбелер (Ростовцев, 1973: 175, 177). Белгілі шығыстанушы Е.Е. Неразик Бүркіталы оазисінің ескерткіштерін донжонды және донжонсыз қоныстар деп екіге бөлген (Неразик, 1966: 15).

Осындай аймақтық жіктеулермен қатар Орта Азияның ауылдық елді мекендерін түрге бөлуге әрекеттер жасалған В.А. Нильсон мен А. Губаевтың еңбектерін де атап кетуге болады. Мәселен, В.А. Нильсон ауылдық елді мекендерді үш түрге бөлген: Бірінші түрге екі қабаттан тұратын төбелерді жатқызды. Бұндай сатыланып келетін төбелердің көлемдері әртүрлі. Автор төбелердің аса кішкентайдан айтарлықтай үлкен түрлері болатынын айта келіп, соңғыларының еңсесі биік бөлігі цитадельдің орны деп көрсетеді. Екінші түрге кең алқапты еңсесі аласа төбелерді жатқызды. Үшінші түрге шет-шеті тік келген, айнала қоршаған қабырғалары жақсы сақталған

аса үлкен емес төбелерді жатқызған. Бұндай төбелер жеке тұрған кешкалардың қираған орны деп көрсетеді (Нильсон, 1966: 117, 122). А. Губаев ауылдық елді мекендердің таралуы туралы айта келіп, оларды 6 түрге бөлген: 1) Балықтөбе секілді жеке тұрған ақсүйектердің сарайлары. 2) Ауылдық елді мекендердің маңында орналасқан ақсүйектердің сарайлары. 3) Кедей шаруалардың баспаналарымен бірге орналасқан Яккапарсан тәріздес ақсүйектердің сарайлары. 4) жоғарыда айтылған екі түрі қосыла келетін ақсүйектердің сарайлары (Артық) маңындағы кедей мекендер (Ақтөбе). 5) Ақсүйектердің сарайларынсыз шаруалардың елді мекендері. 6) Шаруалар мен қолөнершілер орналасқан қоныстар (Губаев, 1982: 16).

Жалпы қалалар мен қоныстарды және жеке орналасқан қорғаныс құрылыстары – бекініс, керуен-сарайлар мен арнайы бекеттерді типологиялық талдаудан өткізіп, оларды жіктеуге атсалысқан маман археологтар аз емес. бұл мақалада сол зерттеулердің бірқатарына ғана шолу жасалды. Осы бағыттағы зерттеулер Қазақстан археологтарының еңбектерінде кездеседі. Енді солардың бірқатарына шолу жасап кетейік.

Біздің дәуіріміздің алғашқы жылдарынан бастап VIII ғасырға дейінгі аралықта тіршілік еткен қалалар мен қоныстардың, керуен-сарайлар мен ақсүйектердің үй-жайларының, күзет мұнараларының қираған орындарын олардың көлемі, пішіні, мерзімделуі, орналасқан жері мен атқарған қызметіне қарай түрге бөлу мәселесімен қазақстандық археолог ғалымдар да айналысқан. Солардың алғашқысы әйгілі ғалым Әлкей Марғұлан. Ол Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі VI-VIII ғғ. аралығында қалыптасқан елді мекендер мен қоғамдық ғимараттардың 6 түрін көрсеткен: 1) билеушілер сарайы, 2) саудагерлер мен қолөнершілердің (шеберлердің) қоныстары, 3) әскери бекініс орындары, 4) керуен-сарайлар, 5) егінші шаруалардың (диқандардың) мекендері, 6) ақсүйектердің қалалары (Маргулан, 1950: 29).

Қазақстанның бірқатар аудандарының археологиялық ескерткіштерін түрге бөлумен (жіктеумен) әр жылдары айналысқан зерттеушілердің ішінде Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерін (Сырдария мен Қаратау өңірлері) зерттеумен бірегей айналысқан Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич еді. Олар Солтүстік Сырдария мен Қаратау өңірінің ескерткіштерін орналасқан

жеріне қарай 5 ауданға (Отырар оазисі, Қаратаудың оңтүстік баурайлары, Қаратаудың солтүстік баурайлары, Сырдарияның сол жағалауы, Арыс, Талас аралығы мен Келестің жоғарғы ағысы) және сыртқы пішініне қарай 4 түрге бөлген: 1) жобасы дөңгелек келген төбелер, 2) алаңды төбелер, 3) қалалар, 4) бекініс және керуен-сарайлар деп. Және жоғарыда айтылған зерттеу тәсілін ғылыми ортаға ұсына отырып, олар бұл жіктеудің соңы емес, тек өздері зерттеген ескерткіштер туралы мәлімет беретін тәсіл екендігін ескерткен (Агеева, Пацевич, 1958: 63,66).

Жетісу археологиялық экспедициясының Арыс өзенінің ортаңғы және төменгі ағысында жүргізген зерттеулер материалдары негізінде К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Л.Б. Ерзакович ондағы ескерткіштерді 3 топқа бөлген. Бірінші топты сыртқы пішінінде (топографиясында) цитадель, шахристан және рабадтар айқын байқалатын ерте ортағасырлық қалалардың (Пұшық-Мардан, Ахай-төбе және Шықты (Алтынтөбе)) орындары құрады. Екінші топ оңтүстік аудандарда анағұрлым көп кездесетін алаңды төбелер құрады. Олардың басты бөлігі «төбе» айқын көрініп, оған бір шетінен келіп қосылатын аудан «алаң» көне қоныстардың бедерлерімен айқындалады. Бұндай төбелердің (Қостөбе, Тостағантөбе, Өліктөбе 2) алаңдары әдетте 0,8–1,5 гектардан аспайды. Үшінші топқа жататын ескерткіштер де «алаңды төбелерден» (Шөлтөбе, Қарауылтөбе, Өліктөбе 1) тұрады. Тек олардың алаңдарының көлемі 0,5 гектардан төмен болады (Акишев, Байпақов, Ерзакович, 1972: 123).

К.М. Байпақов Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қала мәдениетін олардың көлемдеріне мән бере отырып үш түрге бөлді: 1) көлемі 30 гектардан асатын қалалар, 2) көлемі 10-нан 30 гектарға дейінгі қалалар, 3) көлемі 10 гектардан төмен қалалар (Байпақов, 1986: 63,70).

Өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып К.М. Байпақов пен А.Н. Подушкин Арыс өңірінің ескерткіштерін олардың орналасқан жеріне (ландшафт, бедері мен су көздері), топографиялық ерекшелігі, өмір сүрген уақыты, стратиграфиясы мен қорғаныс құрылыс ерекшеліктеріне (фортификациясы) көңіл аудара отырып оларды 7 түрге бөлді: 1) дөңгелек (сопақ) келген төбелер, 2) сопақ төбелер, 3) алаңды төбелер түріндегі қоныстар,

4) төртбұрыш келген төбе, 5) рабады орталық бөлігін қоршай орналасқан қалашықтар, 6) рабатының периметрі бірдей емес қалашықтар, 7) рабады төртбұрыш болып келген қалашықтар (Байпақов, Подушкин, 1989: 11, 21).

Талас өңірінің ескерткіштерін кезінде А.Н. Бернштам 9 түрге бөлген екен: 1) қалалар, 2) ауылдық елді мекендер, 3) бекіністер, 4) қамалдар, 5) керуен-сарайлар, 6) қорғаныс ғимараттары, 7) жекелеген құрылыстар, мазарлар, 8) обалар, 9) тұрақтар (Бернштам, 1948, 9). Оның артынша Талас пен Шу өңірінде төмендегідей ескерткіштердің болғанын айтып кеткен: 1) тұрақтар, 2) ауылдық елді мекендер, 3) үлкен отбасына арналған қоныстар (дөңгелек төбелер), 4) қамалдар (алаңды төбелер), 5) қалалар, 6) бекіністер, 7) керуен-сарайлар (Пацевич, 1954: 369).

Т.Н. Сенигова Талас өңірінің өзі зерттеген ескерткіштерін топографиялық ерекшеліктеріне қарай 4 топқа бөлген. Бірінші топқа Тараз (Талас) қаласына ұқсас, жобасы цитадель, шахристан және рабадан тұратын қалаларды жатқызды. Екінші топқа көлемі алғашқыдан кішірек, яғни қамалдар мен қорғанысты елді мекендерді жатқызды. Үшінші топқа қалалар мен бекіністердің маңында шоғырланған кішігірім қоныстарды жатқызды. Ал төртінші топқа керуен-сарайларды кіргізді (Сенигова, 1972: 22).

Шу мен Талас өңірінің ерте және ортағасырлық қоныстары мен қалаларын жікке бөлуге үлкен үлес қосқан тағы бір ғалым П.Н. Кожемяко болатын. Ол Шу-Талас өңірінің ескерткіштерін географиялық жағдайына, көлемі мен құрылыс ерекшеліктеріне мән бере отырып бірнеше топқа бөлген. Соның ішінде Шу даласындағы ескерткіштерді 3 топқа жіктеген: 1) ұзын қорғанды қалалар, 2) ұзын қорғанды қалалардың маңында орналасқан елді мекендер, 3) тау шатқалдарының аузында орналасқан елді мекендер (Кожемяко, 1958: 134, 145, 159, 166; 1959, 131, 167). Ал Талас өңірінің ескерткіштерін ол ұзын қорғанды қалалар, ұзын қорғанды қалалардың маңындағы елді мекендер, үлкен өзендердің жиегінде орналасқан елді мекендер, шатқалдың аузында және ішінде, тіпті тау асуларында орналасқан елді мекендер деп төрт топқа бөлді (Кожемяко, 1963: 145, 224).

Жетісудағы Іле өзенінің төрткүлдерін А.Н. Бернштам үлкен және кіші төрткүлдер деп екі топқа бөлген. Кіші топқа сыртқы

қабырғасының ұзындығы 50 метрден кіші, ал үлкен топқа қабырғаларының ұзындығы 100 метрден көп елді мекендерді жатқызған. Автор бірінші топтағы төрткүлдерді керуен-сарайларға, екінші топтағы ескерткіштерді жартылай қала түріндегі елді мекендерге жатқызған. А.Н. Бернштам Жетісудың солтүстік-шығысында ірі қалалардың кездеспеуін Іле өңірі қалаларының Шу қалалары жүйесіне жатуымен түсіндіреді (Бернштам, 1948: 90-91).

Қалалық өркениеттің білікті маманы К.М. Байпақов қалалардың көлемі, мәдени қыртысының көпқабаттылығы, қорғаныс құрылыстарының (фортификация) ерекшеліктеріне, орналасқан аймағына көңіл аударатырып ескерткіштердің 4 түрін анықтады. Олар: 1) сыртқы қорғаныс қабырғаларының ұзындығы 100 метрден кем емес және мәдени қабатының биіктігі 1,5 метрден жоғары қала орындары, 2) төртбұрышты көлемі 50×80 - 60×85 метр келетін ауылдар, 3) көлемі 10 гектар шамасындағы қорғаныс қалалары, 4) сыртқы қабырғаларының ұзындығы 100 метрге дейін келетін керуен-сарайлар, төрткүлдер (Байпақов, 1966: 77, 84). Байпақов өз еңбектерінде қалалардың негізгі үш тобын ұсынды. Бірінші топқа көлемі 30 гектардан жоғары қалалар енді. Бұл топқа жататын Антоновка, Дүнгене және Шелек қалашықтары негізінен астаналық рөл атқарған қалалар орындары. Көпқабатты бұндай ескерткіштердің мәдени қабатының қыртысы 2–3 метрге дейін жетеді. Екінші топқа көлемі 10–30 гектар аралығындағы қалалар жатты. Бұл Талғар, Сүмбе және Ақмола секілді орташа көлемдегі қалашықтар болатын. Қалалардың бұндай түрлерін панажайлар (убежище) немесе ордалы (ставка) қалалар ретінде түсіндіруге болады. Үшінші топқа қорғаныс құрылыстары (жүйелері) өзгелерімен салыстырғанда едәуір көп (мұнараларының саны) және мәдени қабаты өте жұқа қалашықтар жатады. Жаңалық, Ащыбұлақ, Ақтам және Қарабұлақ қалашықтарын осы топқа жатқызуға болады (Байпақов, 1986: 132, 133).


Шу-Талас өңірінің ортағасырлық ескерткіштерін көптен бері зерттеп жүрген археолог М. Елеуов Шу өңірінің ескерткіштерін орналасқан жеріне (ландшафтына, бедеріне және су көздерінің барлығына), олардың топографиялық ерекшеліктеріне, қалыптасқан уақытына, құрылыс ерекшеліктеріне мән бере отырып 3 түрге бөлді: 1) ұзын қорғанды қалалар, 2) төрткүлдер, 3) төбелер. Осы ескерткіштердің

үш түрін өз ішінде бірнеше түршелерге бөлген. Мәселен, ұзын қорғанды қалаларды олардың орталық бөлігінің (цитадель мен шахристан) көлеміне қарай үш түршеге бөлді: а) көлемі 30 гектардан көп қалалар, ә) көлемі 10–30 гектар аралығында болатын қалалар, б) көлемі 10 гектардан төмен қалалар. Екінші топты 6 түршеге: а) қалашықтар, ә) рибаттар, б) ордалық қалашықтар, панажайлық қалашықтар, в) айнала қорғаныс қабырғасы бар елді мекендер мен бекіністер, г) керуен-сарайлар, д) күзет бекеттері (бекіністер) деп жіктеген. Ал үшінші топты 4 түршеге: а) дөңгелек (сопақ) келген төбелер, ә) төртбұрышты төбелер, б) алаңды төбелер, в) үш бөліктен тұратын төбелер деп бөлген (Елеуов, 1991: 39, 40).

Алынған нәтижелер

Келес өңірі қоныстары мен қалаларының жіктелуі

Жоғарыда тоқталған зерттеуші мамандардың Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу өңіріндегі қалалар мен қоныстарды сәйкестігіне қарай жіктеу тәжірибесін басшылыққа ала отырып, Келес өңірінің ортағасырлық қалалары мен қоныстарын және басқа да ескерткіштерін түрлерге бөлудің өзіндік ерекшелігі болды. Ескеретін жағдай, Келес өңірінің қалалары мен қоныстары топографиялық жағынан басқа өңірлердің ескерткіштеріне ұқсай бермейді. Өңірдің басым бөлігі таулы аймақты қамтығандықтан қалалар мен қоныстардың топографиясында да өзіндік ерекшеліктер бар. Мұнда ұзын қорғанды қалалар кездеспейді. Қалалар мен қоныстар көлемі жағынан аса үлкен емес және сыртқы қорғаныс қабырғалары күрделі, құрылысы айрықша. Мұндағы құрылыс салу дәстүрі аймақтың жер жағдайы мен шаруашылықтың ерекшелігіне байланысты қалыптасқан деуге болады. Көптеген қалалар мен қоныстардың сыртқы қорғаныс қабырғалары (екі немесе үш жағынан) табиғи орларға жалғастыра салынған. Мұндай тәсіл таулы аймақтарда орналасқан қала, қоныс, бекіністердің өзіндік ерекшелігі деуге келеді. Келес өңіріндегі осы күнге дейін ғылымға белгілі болған ортағасырлық қоныстар мен қалалардың саны 80 нысан. Олардың бесеуі (Өгем II, Шарап-хана, Күлтөбе, Жүзімдік және Абай) әртүрлі себептер әсерінен бұзылып кеткен немесе жойылып кету алдында тұр. Көптеген ескерткіштер соңғы уақыттарда әртүрлі себептермен бұзылуда.



Сур. 1. Екі немесе үш бөліктен тұратын төбелер:

- 1) Шарапхана, 2) Тесіктөбе, 3) Құларык, 4) Шегірбайтөбе, 5) Тұрбат I, 6) Күлтөбе.

Fig. 1. Two or three part mounds: 1) Sharapkhana, 2) Tesiktobe, 3) Kularyk, 4) Shegirbaytobe, 5) Turbat I, 6) Kultobe.

Өңірде әлі де мамандар назарынан тыс қалып отырған нысандар баршылық. Әсіресе Келестің төменгі ағысындағы қосағы Құрықкелестің бойы тіпті зерттелмеген. Ол әлі зерттеуді күтіп жатқан аймақ. Келестің бойындағы ескерткіштерде кең көлемді қазба жұмыстары жүргізілмеген. Тек өзеннің ортаңғы ағысындағы Қазығұрт қонысында 1998 ж. (Талеев, 1999). Өгем шатқалындағы Көктөбе II (Үшбастөбеде) қонысында (Подушкин 2012). Келестің Сырдарияға құяр тұсындағы Күлтөбе қалашығында (2017 ж.) (Елеуов, Талеев және т.б., 2020) кішігірім қазба жұмыстары жүргізілген.

Біз Келес өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштерді (қалалар, қоныстар, бекіністер, күзет мұнаралары, т.б.) орналасқан жеріне, сыртқы пішіні, көлемдері мен құрылыс ерекшеліктерін ескере отырып 5 түрге бөлдік және олардың тізімін жіктелуіне қарай арнайы кестеге түздік (кесте 1): 1. Екі немесе үш бөліктен тұратын төбелер (қала орындары). Бұл топқа жататын қалашықтар цитадель, шахристан және рабадан тұрған. Өкінішке қарай үшінші қарапайым халық тұрған бөлігі (рабады) осы күнге дейін сақталмаған. Оны осы күнгі ауылдар мен бау-бақшалар басып қалған 2. Бұрыштары

тік болып келген төбелер. Бұл топқа жататын нысандар мерзімделуі жағынан үлкен уақыт аралығын қамтиды. Бірсыпырасы антикалық дәуірге жатса, соңғылары Алтын орда тұсында болған мекендердің орындары. Кейінгі ортағасыр кезіне жататын нысандарды осы топқа қосқан себебіміз олардың бұрыштарының тік болып келуі ғана. Олардың бірқатары сыртқы бөліктері (шахристан мен рабады) жойылып кеткен болуы да мүмкін. 3. Алаңды төбелер. Бұл топқа жататын төбелер мерзімделуі жағынан белгілі бір кезеңге жатады. Яғни алаңды төбелердің қаңлы дәуірінің мекендерінің орны екендігі археологияда дәлелденген мәселе. Біз жасаған жіктеуге енген үш нысан ғана хронологиялық жағынан басқаларымен сәйкес келмейді. Олар Тайшытөбе (VII-XI ғғ.), Майтөбе (VI-X ғғ.) мен Қаратөбе (IV-VIII ғғ.). Біздің ойымызша олардың мерзімделуі дұрыс анықталмаған. Ескерткіштерді алғаш ашқан мерзімдеуді үстінен жиналған материалдар негізінде шартты түрде берген. Айтылған ескерткіштердің нақты мерзімделуін анықтау үшін оларда қайта зерттеу жүргізілуі

керек. Менің ойымша бұл ескерткіштердің мерзімделуі де осы топтың нысандарымен сәйкес келуі керек. Өйткені бұл үш нысан да сыртқы пішіні жағынан алаңды төбелер тобына жатады. 4. Сопақ келген төбелер. Бұл топқа жататын нысандардың мерзімделуі әртүрлі. Бұл орынды құбылыс. Өйткені осы топтағы төбелер әртүрлі кезеңдегі кішігірім мекендердің орындары. 5. Дөңгелек төбелер. Бұл топқа кірген төбелер тұтастай қарауылтөбелердің орындары. Өйткені олардың көлемі мен орналасқан жері бірдей. Барлығы дерлік биік жоталардың басында орналасқан және олар тұрған жерден айналадағы көз жететін дала анық көрінеді. Оның үстіне төбелер ортағасырлық қалалар мен ірі елді мекендер орналасқан жердегі биік жоталардың басында жатыр. Әдетте дөңгелек төбелердің үстінен (маңынан) қыш ыдыстар, болмаса басқа да археологиялық материалдар кездеспейді. Олардың мерзімделуі маңында болған қаланың немесе мекеннің мерзімделуімен сәйкестендіріліп, шартты түрде беріледі.

Кесте 1. Келес өзенінің бойындағы қоныстар мен қалашықтардың жіктелу кестесі.

№	Атауы	Мерзімделуі	Көлемі (шартты)	Ауданы
Екі немесе үш бөліктен тұратын төбелер				
1	Шегірбайтөбе	XII-XVII ғғ.	220x260 м, б-12 м.	13-15 га
2	Төрткүлтөбе (Нәлібайсай)	XII-XVI ғғ.	130x95 м, б-10 м	4,5 га
3	Тесіктөбе	XII-XV ғғ.	160x80 м, б-10-12 м	1 га
4	Жігірген	IX-XIII ғғ.	70 x 105 м, б-1-1,5 м	0,68 га
5	Тентектөбе	XI-XIV ғғ.	45x15м, б-8-10 м	2,5 га
6	Алтынтөбе	XI-XVII ғғ.	180x160 м, б-13-15 м	6,3 га
7	Төрткүлтөбе (Өндіріс)	XII-XVII ғғ.	230x190 м, б-8-10 м	2,1 га
8	Жаументөбе	XI-XIV ғғ.	500x260 м, б-12-15 м	1,7 га
9	Тұрбат I қалашығы	XII-XVII ғғ.	120x110 м, б-6-8 м	10 га
10	Шарбұлақ қалашығы	XI-XIV ғғ.	95x36м, б-5-6 м	2,1 га
11	Қакпақ	VI-XIII ғғ.	120x75 м, б-9-10 м	3,3 га
12	Шарап-хана	X-XVI ғғ.	120x110 м, б-1-1,5 м	1,5 га
13	Сынтас	X-XVI ғғ.	185x120 м, б-10-12 м	2,1 га
14	Құларық (Жартытөбе)	VI-IX ғғ.	105x95 м, б-5-6 м	1 га
15	Жүзімдік	IX-XIV ғғ.	Бұзылған (жоқ)	--
16	Жуантөбе	IV-XII ғғ.	280x85 м, б-13-15 м	2,5 га
17	Күлтөбе (Қоспадағ)	VI-IX ғғ.	150x90 м, б-10 м	6 га
18	Әулеттөбе (Ағанай)	VIII-XII ғғ.	120x90 м, б-10-12 м	2,6 га
19	Қызылту қалашығы	XIV- XVII ғғ.	110x90x2-2,5 м	2,6 га
20	Абайбазар	IV-VIII ғғ.	Бұзылған (жоқ)	--

21	Әулетөбе (Калинин)	IX-XIII ғғ.	100 x118x4-12 м	4,5 га
22	Ақтөбе	IV-VIII ғғ.	85x85 м, б-17 м	1 га
Бұрыштары тік болып келген төбелер				
23	Өгем I (Төрткүлтөбе)	VIII-XII ғғ.	Аумағы 292 м	0,63 га
24	Өгем II (Қалмақтөбе)	X-XIII ғғ.	Аумағы 120 м	0,10 га
25	Жантекетөбе бекінісі	I- VI ғғ.		
26	Көктөбе I (Таскоратөбе)	I-VIII ғғ.		
27	Сауап I	XV-XVII ғғ.		0,45 га
28	Сауап II	XV-XVII ғғ.		жалпы 4,3 га
29	Құланаян	VIII-XII ғғ.	60x65x8 м	0,55 га
30	Майбұлақ	X-XII ғғ.		
31	Қызылата (Төрткүлтөбе)	VIII-X ғғ.		
32	Қызылдықан (Бек)	VI-X ғғ.		
33	Қарабастау	X-XII ғғ.		
34	Сарытөбе	XI-XVII ғғ.	150x170x12 м	0,90 га
35	Жартытөбе (Жартытөбе 1)	VIII-XII ғғ.		
36	Қостөбе II	X-XII ғғ.	75x75 м, б-2-2,5 м	
37	Жіңішке	XII- XVI ғғ.	160-180 x 900 м.	6,6 га
38	Қаратөбе қалашығы	X-XVI ғғ.	100 x 80 м, б-12 м.	
39	Қызылбұлақ (Ұясу)	XI-XV ғғ.		
40	Атбұлақ	IV-VII ғғ.		
41	Қосағаш (Жартытөбе)	V-VIII ғғ.	25x60 м, б-6-7 м	
42	Күлтөбе (Тұрбатта) жойылған	XIV- XVII ғғ.	үстінде жылыжай тұр	
Алаңды төбелер				
43	Көктөбе II (Үшбастөбе)	I-VII ғғ.		
44	Тайшытөбе	VII -XI ғғ.		
45	Майтөбе (Жартытөбе 2)	VI-X ғғ.		
46	Қазығұрт	I-VI ғғ.	140x80x5	1 га
47	Көктөбе (Көк-Бек)	I-VI ғғ.		
48	Ноғайтөбе мекенжайы	I-VI ғғ.	Бұзылған	
49	Бөлекмазар (Қапланбек)	II- VI ғғ.		
50	Ескіжұма	IV-X ғғ.	180x95x2 м	1,5 га
51	Ақпайтышқан (Қырықшара)	I-VI ғғ.	115x50x3 м	0,20 га
52	Қаратөбе	IV-VIII ғғ.	200x400x7 м	2,5 га
Сопақ келген төбелер				
53	Мақұлбайтөбе	VIII-X ғғ.	65x85x13 м	0,58 га
54	Тәуіпөлгентөбе	VI-VIII ғғ.	Аумағы 241 м	0,40 га
55	Қызылата мекенжайы	VI-VIII ғғ.		
56	Орынбайтөбе	IV-VI ғғ.	84 x 68 м, б-10 м	

57	Көкбел	VII-XII ғғ.	50x6043,5 м 0,34 га	
58	Көктената	IX-XII ғғ.		1 га
59	Қаржанбау	IV-VII ғғ.	95 x 75 м, б-10-13	
60	Тілеубайтөбе	VIII-X ғғ.	120x220x5 м	0,70 га
61	Қаратөбе (Қарабай)	VI-VIII ғғ.		
62	Амансай	VIII-XII ғғ.		
63	Қостөбе I	X-XII ғғ.		
64	Үлгілі	X-XVI ғғ.		
65	Степное	VI-IX ғғ.	100x80x4,5 м	
Дөңгелек келген төбелер				
66	Көкбел (Қарауылтөбе)	VII-X ғғ.	Диа. 35 м, h=2.5 м	
67	Сарыүйсін (Шынар)	IX-XI ғғ.	Диа. 15 м	
68	Қарауылтөбе (Көңірдек)	VII-X ғғ.	Диа. 25 м, h=2.5 м	
69	Жаңабазар (қарауылтөбе)	VII-X ғғ.	Диа. 35 м, h=2.5 м	
70	Қарауылтөбе (Қарабастау)	VII-X ғғ.	Диа. 30 м, h=2.5 м	
71	Жиырмажылдық	VIII-XII ғғ.	Диа. 35 м, h=2 м	
72	Амансай (Қарауылтөбе)	VI-XI ғғ.	Диа. 25 м, h=2.5 м	
73	Тутамғалы (Қарауылтөбе)	VII-X ғғ.	Диа. 23 м, h=2.2 м	
74	Сауап III	VII-X ғғ.	Диа. 31 м, h=2.5 м	
75	Тақиятөбе	X-XII ғғ.	Диа. 30 м, h=2.5 м	
76	Қарауылтөбе (Қақпақтағы)	IV-VIII ғғ.	Диа. 40 м	
Келес өзені бойындағы төрткүл мен бекіністер				
77	Жарлы (бекініс).	X-XVI ғғ. ?	185 x 145 м, б-2-3 м.	2,25 га
78	Таң төрткүлі	VIII-XI ғғ.	22x22x3 м	
79	Тұрбат-II (бекініс)	XII-XVI ғғ.	140x90x2-2,5 м	1,1 га
Келес өзені бойындағы бірнеше бөліктен тұратын ерекше (қалашық) кешен				
80	Мыңтүп кешені	VIII-X ғғ.		
Қосымша: 2 ескерткіштің формасы толық сақталмаған. Олар шаруашылық жұмыстары кезінде бұзылған Жарлы (XV-XVIII ғғ.) және Тұрбат II (XII-XVI ғғ.). Тағы 2 қалашық орны (Абайбазар және Жүзімдік) толық жойылған. Ескерту: Кестеде ауданы белгісіз ескерткіштер де бар. Олар туралы мәлімет толық болмағандықтан көлемдері көрсетілмеді. Қарауыл төбелер дөңгелек болып келгендіктен олардың алып жатқан көлемі мен биіктіктері ғана берілді.				

Өзеннің бойында топографиялық құрылымы мен қолданылу мақсаты жағынан жеке кездесетін бірнеше ескерткіш бар. Олар Таң төрткүлі VIII-XI ғғ., Жарлы бекінісі X-XVI ғғ. Ал Мыңтүп кешені тіпті ерекше қалашық. Ол шатқалдағы жыраның бойын жағалай орналасқан бірнеше бөліктен тұрады. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 500 м

аралықта тізбектеліп жатқан кешен үш бөліктен тұрады. Оңтүстікте орналасқан негізгі бөлігі айналасы ормен қоршалған сопақ келген биік төбе. Одан солтүстік-шығысқа қарай 250 м жерде алғашқысына ұқсас, бірақ көлемі едәуір кіші екінші төбе жатыр. Ол да айнала терең ормен қоршалған. Осыдан солтүстік-шығысқа қарай 50-60 м жерде бұрыштары тік келген (ромба

тәріздес), айнала дуалмен оның сыртынан ормен қоршалған үшінші нысан жатыр. Үш нысанды қоршап жатқан аймақта ескі құрылыс орындарында қалыптасқан бедерлі төбешіктер байқалады. Кешеннің үстіңгі бетінде кездесетін қыш ыдыс сынықтары бірдей, яғни нысандардың бір уақытқа жататындығын білдіреді.

Қорытынды

Келес өзені ежелгі заманнан бері ел мен елдің арасын бөліп жатқан өңір болғандығын тарихи зерттеулер, жазба деректер мен археологиялық зерттеулер көрсетті. Әсіресе ортағасыр кезіндегі қоныстар мен қалалар оны ерекше айқындайды. Келес өңіріндегі ортағасырлық қалалар мен қоныстарды зерттеу тәжірибесі Қазақстанның оңтүстігі және Жетісу аймағында қалыптасқан типологиялық жіктеу дәстүрімен сабақтас. Дегенмен, өңір ескерткіштері өзіндік ерекшеліктерімен дараланады. Бұл өңірдің табиғи-географиялық жағдайы, таулы бедерлері мен өзен аңғарлары қалалардың топографиясына айрықша ықпал еткен. Мұнда ұзын қорғанды қалалар тіпті кездеспейді, көлемдері шағын әрі қорғаныс қабырғалары табиғи орлармен ұштастырылып салынған. Бұл тәсіл аймақтың құрылыс дәстүрінің ерекшелігін білдіреді және жер бедері мен шаруашылықтың нақты жағдайына бейімделгенін көрсетеді. Келес бойындағы ғылымға белгілі 80 нысанның бір бөлігі жойылу алдында тұрса, кейбір аймақтар әлі де зерттелмеген күйінде қалып отыр. Мысалы, Келестің қосалқы сыңары саналатын Құрықкелестің бойындағы ескерткіштер археологтардың назарынан тыс қалған, ал жүргізілген қазба жұмыстары тек жекелеген нысандармен шектелген. Бұл жағдай Келес өңірінің археологиялық мұрасын толыққанды тануға кедергі келтіреді және болашақта кең көлемді зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Жіктеу нәтижесінде ескерткіштер бес топқа

бөлінді. Олар:

- 1) екі немесе үш бөліктен тұратын төбелер;
- 2) бұрыштары тік төбелер;
- 3) алаңды төбелер;
- 4) сопақ төбелер;

5) дөңгелек төбелер. Осы топтардың мерзімделуі мен құрылымдық ерекшеліктері аймақтың тарихи дамуының әр кезеңін бейнелейді. Алаңды төбелердің қаңлы дәуіріне тән екендігі дәлелденгенімен, кейбір нысандардың мерзімделуі қайта қарауды қажет етеді. Дөңгелек төбелердің қарауылдық қызмет атқарған орындар екендігін олардың орналасқан жері, көлемі, жобасы мен үстінен археологиялық материалдардың кездеспейтіндігімен ерекшеленеді. Өзен бойында жеке орналасқан Таң төрткүлі, Жарлыбекінісі және ерекше құрылымға ие Мыңтүп кешені аймақтың археологиялық келбетін толықтыра түседі. Мыңтүп кешенінің үш бөліктен тұратын құрылымы, әртүрлі пішіндегі төбелер мен қорғаныс жүйелері оның ерекше сипатқа ие екенін көрсетеді. Бұл кешеннің құрылыстарының бір уақытқа жататындығы үстінен табылған қыш ыдыс сынықтарымен дәлелденеді.

Жалпы алғанда, Келес өңірінің археологиялық ескерткіштері Қазақстандағы ортағасырлық қалалық мәдениеттің аймақтық ерекшеліктерін айқындап, тарихи реконструкциялар жасауға мол мүмкіндік береді. Олар қалалардың әлеуметтік-экономикалық қызметін, қорғаныс жүйелерін және құрылыс дәстүрлерін түсінуге жол ашады. Сонымен қатар, мерзімделуі күмәнді нысандарды қайта зерттеу, көлемді қазба жұмыстарын жүргізу және жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізу қажеттілігі байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, Келес өңірін зерттеу Қазақстан археологиясында аймақтық ерекшеліктерді анықтауда маңызды орын алып, ортағасырлық қалалық мәдениеттің даму тарихын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR31714853 «Қазақстанның археологиялық ғылымы: жай-күйін, проблемаларын және даму перспективаларын талдау» бағдарламасы аясында дайындалды.

Әдебиет

1. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Тр. ИИАЭ АН КазССР. Т.5. С. 101.
2. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. 1972. Древний Отрар. Алма-Ата: Наука, 213 с.
3. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. 1989. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. Алма-Ата: Наука, 159 с.
4. Байпаков К.М. 1986. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата, С. 12.

5. Байпаков К.М. 1966. Раннесредневековые города и поселения Семиречья // Изв. АН КазССР. № 2. Сер. обществ. С. 68-84.
6. Байпаков К.М. 1968. Раннесредневековые города и поселения северо-восточного Семиречья // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата: Наука, С. 68-84.
7. Байпаков К.М. 1968. О локализации городов северо-восточного Семиречья // ВАН КазССР. №7. С. 21-25.
8. Бернштам А.Н. 1948. Прошлое района Алма-Аты. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 18 с.
9. Буряков Ю.Ф. 1982. Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Ташкент: Фан, 212 с.
10. Губаев А. 1978. К вопросу о зарождении феодальных отношений в Южном Туркменистане // История и археология Средней Азии. Ашхабад: Ылым, С. 259-269.
11. Елеуов М. 1991. Средневековая культура городов и поселений Чуйской долины I – нач. XIII вв. (Вопросы типологии и фортификации): дисс. ... канд. ист. наук. Алма-Ата, С. 18-28.
12. Елеуов М., Талеев Д.А., Есенов С., Молдахмет А. 2020. Ежелгі Күлтөбе қаласы мен Мыңтөбе қорымында 2017–2018 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары // Материалы XII Оразбаев оқулары. Алматы: Қазақ университеті, 195-200 бб.
13. Заднепровский Ю.А. 1954. Древняя Фергана: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. Л., 22 с.
14. Кабанов С.К. 1956. Раскопки жилого квартала в западной части городища Варахша // Тр. ИИА АН УзССР. Вып.8. С. 95-125.
15. Кожемяко П.Н. 1963. Оседлые поселения Таласской долины // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе: Киргизгосиздат. С. 145-224.
16. Кожемяко П.Н. 1959. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, С. 10 - 19.
17. Люблинская А.Д. 1968. Типология раннего феодализма в Западной Европе и проблема романо-германского синтеза // Средние века. М., № 31. С. 9-17.
18. Маргулан А.Х. 1950. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата, 122 с.
19. Массон В.М. 1981. Основные направления культурно-исторического процесса // Становление производства в эпоху энеолита и бронзы: по материалам Южного Туркменистана. М. С. 35-48.
20. Неразик Е.Е. 1966. Сельские поселения афригидского Хорезма. М.: Наука, 160 с.
21. Нильсон В.А. 1966. Становление феодальной архитектуры Средней Азии (V–VIII вв.). Ташкент: Наука УзССР, 350 с.
22. Подушкин А.Н., Ахметов М.Г., Донец А., Рустемов А., Вагнер В., Пестова М. 2012. Археологические работы в Угаме // Труды Института археологии им. А.Х. Маргулана. Астана. Т.1. С. 62-79.
23. Распопова В.И. 1979. К вопросу о специфике города и сельского поселения Согда // УСА. Вып.4. С. 22–25.
24. Ртвеладзе Э.В. 1973. К вопросу о типологии городских поселений кушанского времени на территории Сурхандарьинской области // Древние города Средней Азии. Л.: Наука, С. 24-26.
25. Савельева Т.В. 1994. Оседлая культура северных склонов Зайлийского Алатау в VIII–XIII вв. Алматы, С. 11-20.
26. Сенигова Т.Н. 1972. Средневековый Тараз. Алма-Ата: Наука, 223 с.
27. Соловьев В.С. 1979. Городище Кафыр-кала (к характеристике раннесредневекового города Северного Тохаристана) // УСА. Вып.4. С. 60-62.
28. Талеев Д.А. 1999. Келес археологиялық отрядының Қазығұрт қонысында жүргізген қазба жұмыстарының қысқаша қорытындысы // Изв. МН-ВО РК. Сер. обществ. наук. С. 40-44.
29. Якубов Ю. 1988. Раннесредневековые сельские поселения горного Согда (к проблеме становления феодализма) / Отв. ред. Б.Я. Ставинский. Душанбе: Дониш, 291 с.

References

1. Ageyeva Ye.I., Patsevich G.I. 1958. Iz istorii osedlykh poseleniy i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan] // Trudy IIAE AN KazSSR. Vol. 5. P. 101. [in Russian].

2. Akishev K.A., Baipakov K.M., Erzakovich L.B. 1972. Drevnii Otrar [Ancient Otrar]. Alma-Ata: Nauka, 213 p. [in Russian].
3. Baipakov K.M., Podushkin A.N. 1989. Pamyatniki zemledelchesko-skotovodcheskoy kultury Yuzhnogo Kazakhstana [Monuments of agricultural and cattle-breeding culture of Southern Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 159 p. [in Russian].
4. Baipakov K.M. 1968. Rannesrednevekovye goroda i poseleniya severo-vostochnogo Semirechya [Early medieval cities and settlements of northeastern Semirechye] // Novoe v arkheologii Kazakhstana. Alma-Ata: Nauka, P. 68-84. [in Russian].
5. Baipakov K.M. 1968. O lokalizatsii gorodov severo-vostochnogo Semirechya [On the localization of cities in northeastern Semirechye] // Vestnik AN KazSSR. No. 7. P. 21-25. [in Russian].
6. Baipakov K.M. 1986. Srednevekovaya gorodskaya kultura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirechya [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye]. Alma-Ata, P. 12. [in Russian].
7. Baipakov K.M., Podushkin A.N. 1989. Pamyatniki zemledelchesko-skotovodcheskoy kultury Yuzhnogo Kazakhstana [Monuments of agricultural and cattle-breeding culture of Southern Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 159 p. [in Russian].
8. Bernshtam A.N. 1948. Proshloe rayona Alma-Aty [The past of the Almaty region]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 18 p. [in Russian].
9. Buryakov Yu.F. 1982. Genezis i etapy razvitiya gorodskoy kultury Tashkentskogo oazisa [Genesis and stages of development of the urban culture of the Tashkent oasis]. Tashkent: Fan, 212 p. [in Russian].
10. Gubayev A. 1978. K voprosu o zarozhdenii feodalnykh otnosheniy v Yuzhnom Turkmenistane [On the issue of the emergence of feudal relations in Southern Turkmenistan] // Istoriya i arkheologiya Sredney Azii. Ashkhabad: Ylym, P. 259-269. [in Russian].
11. Yeleuov M. 1991. Srednevekovaya kultura gorodov i poseleniy Chuyskoy doliny I - nachala XIII vv. Voprosy tipologii i fortifikatsii [Medieval culture of cities and settlements of the Chui Valley from the 1st to the early 13th centuries. Issues of typology and fortification]: diss. kand. ist. nauk. Alma-Ata, P. 18-28. [in Russian].
12. Yeleuov M., Taleev D.A., Esenov S., Moldakhmet A. 2020. Ezhelgi Kultobe qalasy men Myntobe qorymynda 2017-2018 jyldary jurgizilgen zertteu jumystary [Research work carried out in the ancient city of Kultobe and the Myntobe necropolis in 2017-2018] // Materialy XII Orazbayev oqulary. Almaty: Qazaq universiteti, P. 195-200. [in Kazakh].
13. Zadneprovskiy Yu.A. 1954. Drevnyaya Fergana [Ancient Fergana]: avtoref. diss. kand. ist. nauk. Leningrad, 22 p. [in Russian].
14. Kabanov S.K. 1956. Raskopki zhilogo kvartala v zapadnoy chasti gorodishcha Varakhsha [Excavations of a residential quarter in the western part of the Varakhsha settlement] // Trudy IIA AN UzSSR. Issue 8. P. 95-125. [in Russian].
15. Kozhemyako P.N. 1963. Osedliye poseleniya Talasskoy doliny [Settlements of the Talas Valley] // Arkheologicheskie pamyatniki Talasskoy doliny. Frunze: Kirgizgosizdat, P. 145-224. [in Russian].
16. Kozhemyako P.N. 1959. Rannesrednevekovye goroda i poseleniya Chuyskoy doliny [Early medieval cities and settlements of the Chuya Valley]. Frunze, P. 10-19. [in Russian].
17. Lyublinskaya A.D. 1968. Tipologiya rannego feodalizma v Zapadnoy Evrope i problema romano-germanskogo sinteza [Typology of early feudalism in Western Europe and the problem of Romano-Germanic synthesis] // Srednie veka. Moscow, No. 31. P. 9-17. [in Russian].
18. Margulan A.Kh. 1950. Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva drevnego Kazakhstana [From the history of cities and construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata, 122 p. [in Russian].
19. Masson V.M. 1981. Osnovnye napravleniya kulturno-istoricheskogo protsessa [Main directions of the cultural-historical process] // Stanovlenie proizvodstva v epokhu eneolita i bronzy: po materialam Yuzhnogo Turkmenistana. Moscow, P. 35-48. [in Russian].
20. Nerazik Ye.Ye. 1966. Selskie poseleniya afrigidskogo Khorezma [Rural settlements of Afrigid Khorezm]. Moscow: Nauka, 160 p. [in Russian].
21. Nilson V.A. 1966. Stanovlenie feodalnoy arkitektury Sredney Azii V-VIII vv. [Formation of feudal architecture of Central Asia in the 5th-8th centuries]. Tashkent: Nauka UzSSR, 350 p. [in Russian].
22. Podushkin A.N., Akhmetov M.G., Donets A., Rustemov A., Vagner V., Pestova M. 2012. Arkheologicheskie raboty v Ugame [Archaeological work in Ugam] // Trudy Instituta arkheologii im. A.Kh.

Margulana. Astana, Vol. 1. P. 62-79. [in Russian].

23. Raspopova V.I. 1979. K voprosu o spetsifike goroda i selskogo poseleniya Sogda [On the specificity of the city and rural settlement of Sogd] // USA. Issue 4. P. 22-25. [in Russian].

24. Rtveladze E.V. 1973. K voprosu o tipologii gorodskikh poseleniy kushanskogo vremeni na territorii Surkhandarinskoy oblasti [On the typology of urban settlements of the Kushan period in the territory of the Surkhandarya region] // Drevnie goroda Sredney Azii. Leningrad: Nauka, P. 24-26. [in Russian].

25. Savelyeva T.V. 1994. Osedlaya kultura severnykh sklonov Zailiyskogo Alatau v VIII-XIII vv. [Sedentary culture of the northern slopes of the Zailiysky Alatau in the 8th-13th centuries]. Almaty, P. 11-20. [in Russian].

26. Senigova T.N. 1972. Srednevekovyy Taraz [Medieval Taraz]. Alma-Ata: Nauka, 223 p. [in Russian].

27. Solovyev V.S. 1979. Gorodishche Kafyr-kala: k kharakteristike rannesrednevekovogo goroda Severnogo Tokharistana [The Kafyr-kala settlement: towards the characterization of the early medieval city of Northern Tokharistan] // USA. Issue 4. P. 60-62. [in Russian].

28. Taleev D.A. 1999. Kelesarkheologiyalyqotryadynyn Qazygurt qonysyndajurgizgen qazbajumystarynyn qysqasha qorytyndysy [A brief summary of the excavations carried out by the Keles archaeological team at the Qazygurt settlement] // Izvestiya MN-VO RK. Seriya obshchestvennykh nauk. P. 40-44. [in Kazakh].

29. Yakubov Yu. 1988. Rannesrednevekovye selskie poseleniya gornogo Sogda: k probleme stanovleniya feodalizma [Early medieval rural settlements of mountainous Sogdiana: on the problem of the formation of feudalism] / otv. red. B.Ya. Stavinskiy. Dushanbe: Donish, 291 p. [in Russian].

Талеев Д.А.

Институт археологии имени А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан
e-mail: doc19_59@mail.ru

ТИПОЛОГИЯ ГОРОДОВ И ПОСЕЛЕНИЙ КЕЛЕСКОГО РЕГИОНА

Аннотация. В статье рассматриваются типологические особенности средневековых городов и поселений Келесского региона на основе археологических материалов и сравнительного анализа. Основное внимание уделено изучению структуры памятников, особенностей их расположения и оборонительных систем. В археологической науке классификация средневековых поселений имеет важное значение, поскольку позволяет определить уровень развития городской культуры и особенности исторических процессов региона. В археологической литературе памятники обычно классифицируются по площади, топографическому положению, особенностям планировки, характеру культурных слоев и оборонительных сооружений.

В ходе исследования были использованы научные труды А.Д. Люблинской, В.М. Массона, Э.В. Ртвеладзе, Ю.А. Заднепровского, В.М. Ростовцева, Е.И. Агеевой, Г.И. Пацевича, К.А. Акишева, К.М. Байпакова, А.Н. Бернштама, П.Н. Кожемяко и М. Елеуова. Их исследования стали методологической основой для систематизации памятников Келесского региона. Указанные авторы классифицировали средневековые города и поселения по площади, внутренней структуре, расположению и функциональному назначению.

Особое внимание уделено трехчастной структуре городищ, включавшей цитадель, шахристан и рабад, а также состоянию крепостных стен и башен. Для сравнительного анализа были привлечены материалы археологических исследований Жетысу и Шу-Таласского региона. В результате исследования определены основные типологические признаки памятников Келесского региона и их роль в историко-культурном развитии и процессах средневековой урбанизации Южного Казахстана.

Ключевые слова: Келесский регион, типология, классификация, города, поселения, исследование, исследователи, археология.

Для цитирования: Талеев Д.А. Типология городов и поселений Келесского региона // Мәдени мұра. 2026. №2 (113). С.75-88 (каз.)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.06>

Taleev D.A.

A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan
e-mail: doc19_59@mail.ru

TYPOLOGY OF CITIES AND SETTLEMENTS OF THE KELES REGION

Abstract. The article examines the typological characteristics of medieval cities and settlements in the Keles region based on archaeological materials and comparative analysis. Special attention is paid to the structure of the sites, their geographical location, and defensive systems. In archaeology, the classification of medieval settlements is considered an important approach for understanding the development of urban culture and historical processes in a particular region. In archaeological studies, such sites are commonly classified according to their size, topographic location, planning features, characteristics of cultural deposits, and defensive structures.

The study is based on the works of A.D. Lyublinskaya, V.M. Masson, E.V. Rtveladze, Yu.A. Zadneprovsky, V.M. Rostovtsev, E.I. Ageeva, G.I. Patsevich, K.A. Akishev, K.M. Baipakov, A.N. Bernshtam, P.N. Kozhemyako, and M. Eleuov. Their research provided the methodological foundation for the classification of archaeological monuments in the Keles region. These scholars grouped medieval settlements according to their size, internal structure, location, and functions.

Particular attention was given to the traditional three-part layout consisting of the citadel, shahristan, and rabad, as well as the preservation of defensive walls and towers. Comparative materials from the Semirechye and Shu-Talas regions were also used to identify the main typological features and historical significance of the settlements.

Keywords: Keles region, typology, classification, cities, settlements, research, researchers, archeology.

For citation: Taleev D.A. Typology of cities and settlements of the Keles Region. Madeni mura. 2026. №2 (113). pp. 75-88 (in Kaz.)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2026.v26.i2.06>

Авторлар туралы мәлімет:

Талеев Дөкей Әбдікерімұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, А.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-1694-3762

Сведения об авторах:

Талеев Дөкей Абдикеримович, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, Алматы, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-1694-3762

Information about authors:

Taleev Dokey Abdikerimovich, Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-1694-3762